

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларын ұлғайту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 38/3-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Риддер қалалық әділет басқармасында 2012 жылғы 06 қаңтарда № 5-4-160 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 19/17-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қалалық мәслихатының 12.03.2018 № 19/17-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 381, 386 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Риддер қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 1 қосымшаға сәйкес автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары орнатылсын.

2. Тұрғын үй қорымен, соның ішінде автотұрақтардың санаттарына байланысты ұлғайтылған құрылыстары мен ғимараттарымен қамтылған жерлерден басқа Риддер қаласы аумағында автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларының мөлшерлері 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Риддер қаласына жататын автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге базалық салық ставкаларын қолдануға жақын жатқан елді мекен болып Риддер қаласы айқындалсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті сессия төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Анчугин

А. Ермаков

2011 жылғы 21 желтоқсан № 38/3-IV
қалалық мәслихаттың шешіміне

1 қосымша

Риддер қ. бойынша автотұрақтар (паркингтер) санаттарын анықтау туралы

№	Автотұрақтар түрі	Санаттар
1	Жер үсті шатырмен жабылған автотұрақтар, шатырмен жабылмаған автотұрақтар	1 санат
2	Басқа мақсатқа арналған ғимараттарға жапсарлай салынған автотұрақтар, басқа мақсаттарға салынған ғимараттарға ішкери салынған автотұрақтар	2 санат
3	Ғимараттардың жер асты, жертөле, цокольды немесе жерүсті төменгі қабаттарда орналасқан автотұрақтар	3 санат

Қалалық мәслихат хатшысы А. Ермаков

2011 жылғы 21 желтоқсан № 38/3-IV
қалалық мәслихаттың шешіміне
2 қосымша

Санаттарына байланысты автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкаларын ұлғайту туралы

№	Автотұрақтар санаттары	Ставкалар
1	1 санат	10 есеге
2	2 санат	9 есеге
3	3 санат	8 есеге

Қалалық мәслихат хатшысы А. Ермаков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК